

"Алматы қаласын сумен жабдықтау және сумен бөлу жүйелерін жарақтандыру және қайта жаңарту" жобасын жүзеге асыру үшін Алматы қаласының Әкімі заемдық қаражаттарды алуы туралы

Алматы қалалық Мәслихатының шешімі ІІ сайланған ІХ сессиясының 2001 жылғы 4 сәуірдегі Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 25 сәуірде N 333 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 ақпандағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-ІІ Z010148_ ҚРЗ, 1998 жылғы 1 шілдедегі "Алматы қаласының айрықша мәртебесі туралы" N 258-І Z980258_ ҚРЗ заңдарына сәйкес ІІ-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

шешім қабылдады:

1. Алматы қаласының Әкіміне Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Алматы қаласын сумен жабдықтау және сумен бөлу жүйелерін жарақтандыру және қайта жаңарту" жобасын жүзеге асыру мақсатында 27440000 ЕВРО-дан (жиырма жеті миллион төрт жүз қырық мың ЕВРО) аспайтын мөлшерде қаражатты заемға алуды жүзеге асыруға рұқсат етілсін.

2. Алматы қаласының 2001 жылға арналған бюджетінде Алматы қаласын сумен жабдықтау және сумен бөлу жүйелерін қайта жаңартуға республикалық бюджеттен 1221600000 (бір миллиард екі жүз жиырма бір миллион алты жүз мың) теңге сомасында республикалық бюджеттен несие қаржысын алу жайы қарастырылсын.

3. Алматы қаласының 2000-2016 жылдарға арналған бюджетінде заимдарды

қайтару және олар бойынша қызмет көрсету жөніндегі міндеттемелерді өтеу кестесіне сәйкес (қосымшаға сәйкес) "Алматы суы" жабық акционерлік қоғамына түскен ақша қаражаттарының есебінен қаражат жайы қарастырылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және өндірісті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға (А.И.Шелипанов) және Алматы қаласының орынбасарлары Қ.Е. Жаңбыршин мен М.Т. Дұлқайыровқа жүктелсін.

ІІ-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты ІХ-сессиясының
төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының хатшысы

II-сайланған Алматы
қалалық Мәслихаты
2001 жылғы 4 сәуірдегі
IX-сессиясының шешіміне
қосымша

Алматы қаласының сумен жабдықтау және су өткізу жүйесін
жаңалау және қалпына келтіру жобасы бойынша француз
заимын өтеу

КЕСТЕСІ

(ЕВРО мен)

Мерзімі	Негізгі қарызды өтеу!	Пайызды өтеу!	Төленетін жалпы сома
---------	-----------------------	---------------	----------------------

2001			
2002		177000	177000
2003		449000	449000
2004		563000	563000
2005		563000	563000
2006		563000	563000
2007	2744000	563000	3307000
2008	2744000	505000	3249000
2009	2744000	447000	3191000
2010	2744000	389000	3133000
2011	2744000	332000	3076000
2012	2744000	274000	3018000
2013	2744000	216000	2960000
2014	2744000	158000	2902000
2015	2744000	100000	2844000
2016	2744000	42000	2786000

Жиыны	27440000	5341000	32781000
-------	----------	---------	----------

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихаты IX-ші сессиясының
төрағасы
II-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК